

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

8. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – Москва:Наука 1967. – С.123
9. Махмұтова А. Эпиграфиялық мұраларды зерттеу тарихынан. – Алматы, 1971. –34 б.
10. Никонов В.А. Имя и общество. – Москва: Наука, 1974 – С. 56.
11. Курышжанов А. Исследование по лексике «Тюрско-арабско словаря» – Алма-Ата: Наука, 1970. С. 76-223
12. Ғабитхан Қ. Наным-сенімге байланысты қазақ тілінде тұрақты тіркестер. – Алматы, 1995

УДК 81:(=512.122)

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТУЫСТЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АНА, ӘКЕ, ҰЛ, АҒА, ІНІ, ЖЕҢГЕ, НАҒАШЫ, ЖИЕН АТАУЛАРЫНЫҢ БАСҚА ДА ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Асхатова Фариза Ерденқызы

Fariza_20@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті Түркітану кафедрасының
4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Н.Бөгенбаев

Отбасылық туыстық қарым-қатынастар туыстық және жақындық атаулармен тығыз байланысты. Түркі халықтары (өзбек, түркімен, тәжік, қырғыз, қарақалпақ) мен қазақтарда туыстық және жақындық атауларының түрі мен мазмұны бір-біріне өте жақын. Мәселен, «аға», «жиен» атауларын салыстырып қарағанда бұл атаулар әр халықта бірдей бір-біріне жақын, ұқсас келеді. «Аға» деген атаумен айтушының бірге туған ағасы, немере, шөбере, аталас жасы үлкен еркектер, әкесінің інілері аталған. Ал «жиен» деген атаумен айтушының қызынан бірге туған апа-қарындастарынан немесе немере, шөбере және аталас апа-қарындастарынан туған бөлелер аталады. Күйеуге әкесінің әкесі де, әйеліне күйеуінің әкесі де «қайын ата» делінеді. Осы сияқты көптеген туыстық, құдандалық жақындық категорияларына ортақ атаулар өте көп. Бұл арадағы қазақтағы туыстық және құдандалық жақындық жүйесінің атаулары айтушыға аталушының жасының үлкен-кішілігіне, жынысына қарай жіктелетінін еске алғанымыз жөн. Мұнымен бірге атаулар әке және шеше тарапынан туыстық, құдандалық жақындыққа байланысты жіктелетінін де еске сақтауымыз қажет. Қазақ және басқа түркі халықтарының арасындағы туыстық және жақындық қатынастарға байланысты қалыптасқан жүйе тұрақты жүйе, ал қалыптасқан атаулар жоғарыда аталған жұртшылыққа ортақ болып саналады. [1]

Қазақта туыстық қатынастарды өзара сабақтас үш топқа бөліп атайды. Біріншісі — адамның әкесі жағынан туысатын өз жұрты, әйелдер төркін жұртым деп атайды. Екіншісі шешесі жағынан туысатын нағашы жұрты. Ал үшіншісі әйелі не күйеуі жағынан туысатын қайын жұрты [2,187 б]. Қазақ халқы сияқты, көптеген түркі халықтары да туыстық жақындықты әке жағынан есептейді.

Мысалы, түркі халықтарының ортақ мұрасы саналатын туыстық атаулардың осындай ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айқындау мақсатында, төменде қазақ тілінің *ана, әке, ұл, аға, іні, жеңге, нағашы, жиен* туыстық терминдерін басқа түркі тілдерімен салыстыру қолға алынды. Туыстық қатынастар мен атауларға байланысты материалдар жинау барысында көне түркі жазбалары, хакас, чуваш этимологиялық сөздіктері және М.Қашқаридың сөздігі басшылыққа алынды.

Ана – сәби сүйген әйел заты (шеше). Қазақ тілінде ана, шеше күйінде болса, қырғыздарда ана, ене формасында қолданылады. Түркі халықтарының көбісінде: ана – «шеше», тел., шор – әнә (ānā) – шеше, ене. Алтай тілінде – «кемпір, әйел». Кейбір түркі тілдерінде екі нұсқасы да бар: ана – «шеше» және ене – «қайын ене». Туыстық атау ретіндегі негізгі мағынасымен бірге ана сөзінің басқа мағыналары бар. Мысалы, В.Радлов сөздігінде:

1) «шеше», 2) «апай», 3) «саликалы әйел, бәйбіше», 4) «әйел жынысты», 5) «заттың басты бөлігі» [3, 226-227].

Көне түркі сөздігінде ана мағынасында *aba*, *ana*, *apa*, *hana* кездеседі [12; 1, 4, 5 б.]. Ал Ғ.Айдаровтың «Күлтегін ескерткішінде» *apa*, ал жалпы Орхон-жазбаларынан топтастырған туыстық атауларда *ök* (*Ögim İlbilge qatun...*(Күлтегін ескерткіші)) түрінде кездеседі [4, 50 б.]. М. Қашқаридың сөздігінде *aba* – оғыз тіліндегі «ана»сөзі, *apa* - түркмен-қарлұқтарда және *ama* – тубут диалектісінде (араб тілінен енген) [5, 118]. Э.В.Севортянның сөздігінде– түркмен, қырым татарлары, құман диалектісі, қазақ, қарақалпақ, татар диалектісі, балқар, хакас, тувада *ana/apa*; түркмен, құман, қырғыз, қазақ, қарақалпақ, алтай, тува - *ene/ene* күйінде ұшырасады [6, 147,278б.]

В.Г.Егоровтың «Чуваш тілінің этимологиялық сөздігіне» келсек, онда «ана» сөзінің бірнеше фонетикалық өзгеріске ұшыраған нұсқаларын байқаймыз. Мысалы, азербайжан, ұйғыр, қазақ, ноғай, құмық, татар, қарақалпақтарда «ана» күйінде қолданылса, алтай, қырғыз, түркімен, шор, қарақалпақ, ойроттар (алтай)– «эне» деп атайды. Туваларда бұл сөз «тәте», монғолдарда «әйел» мағынасында қолданылады. Өзбектерде «она», Стамбул түріктерінде «анне», башқұрт диалектісінде «инәй», хакастарда «ине» деп кездессе, чуваш диалектісінде «апай», құмық тілінде «ажай» деп те аталады [7, 29 б.].

Әке – перзентті болған ер адам.

Көне түркі сөздігінде «әке» «*baba*» күйінде қолданылған: *argulaju amlar erti sizni tözügü anasin babasin oylanı sevarca* – сені балалары әке-шешесін қалай сүйсе, солай жақсы көрді [12, 76]. Э.В. Севортян сөздігінде әкені «ага» деп құрметтеп атау кездеседі [6,69]. Хакас сөздігінде - *ада*, *паба*, *папа*, *аба* [8, 139]. М.Қашқари тубут диалектісіне *aba* сөзі араб тілінен қалуы мүмкін деген пікір айтады [5, 118]. Орхон-Енисей жазбаларында «еке» [4, 50]. Чуваш сөздігінде чуваш тілінде «атте», азербайжан, түрікмен, түрік, қырғыз, ұйғыр, қарақалпақ, құмық, қазақ, татар, ноғай, башқұрт тілдерінде «ата», тува, алтай, чуваш тілінде «ада», «ача», өзбек тілінде «отта» деп берілген[7, 36]. Л.А.Гаджиеваның құмық және түрік тілдеріндегі туыстық атауларды салыстыра зерттеген жұмысында, «аба» термині бірнеше көне түркі ескерткіштерінде кездесіп, бірнеше мағынада қолданылатынын айтады. «Әке» мағынасында оғыз диалектісінде кездессе, балқар диалектісінде «ата-ана» мағынасына келеді. Сібір түркі тілдерінде «аға», балқар, қырғыз, татар, башқұрт тілдерінде «аға»(дядя). Бұл сөз көптеген түркі тілдерінде «апа» мағынасын береді. (татар эби, кырган аба) [13].

Ұл [ul] «ұл- еркек бала, ер бала». Көне түркі ескерткіштерінде оғұл түрінде ұшырасады[4, 202]. М.Қашқари угул-«ұл, ұл бала» (өз ұлы болмаған жас балаларға да осы сөз айтылады [5]. угул бу угул на тир (бұл бала не деп тұр?) .–углан – көпше түрі «ұлдар» ержеге бағынбайды. Ереже бойынша угуллар/углан). Севортян бойынша [6, 411б.] оғлан/оулан-түрікмен, түрік, азербайжан, қарақалпақ, қарашай балқар, ұйғыр, гаагуз, құман. Хакас, тува, шор тілдерінде – оол, Якут тілінде дауыссыздың түсуіне байланысты дифтонг пайда болған уол. Қыпшақ тілдерінде: *o > y* → *ул* болады. Татар, башқұрт, қазақ, қарақалпақ тілдерінде бастапқы (*y*)-дың созылыңқылығы мүлде байқалмайды деуге болады. Алтай тілінде уул варианты түрінде айтылды. Өзбек тілінде әдеби нормаға сай: *уғил*, чуваш – *ывал*. Ұл-дан таралған туынды атаудың бірі – қазақ тіліндегі ұлан. Түркі тілдерінде түрлі тұлғаларда ұшырасады: алт. *уулан* (жас жігіт, бозбала), татар. *олан* (балақан, сәби), азерб. *оғлан*, түркмен. *оглан*, түр. *oğlan* («ұл бала, жас жігіт») мағынасында қолданылады. Оғлан сөзі түрік тілінде бұған қоса «қызметші» мағынасына ие. Шағатай әдебиетінде ұлан (оғлан) ерекше мәнге ие болған. Бұл титулмен өзбектер ішіндегі сұлтандар тегіне жататын адамдар тобын атаған. Адам есімінен кейін келгенде ғана оғлан сөзі ханзаданы, хан тұқымынан шыққан төрені білдіреді. Бұл сөз әскери қызмет пен лауазымдар қатарында есімсіз қолданыла береді және бұл жағдайда армияның оң немесе сол қанатын басқаратын қолбасшыны білдіреді. Осыдан келіп атты ұландар атауы қалыптасқан. Қазіргі өзбек тілінде сөздің тарихи термин ретіндегі мағынасы бар: «сарайда тұратын ұлан, жас әскер». Ескі дәуірдегі ескерткіштерде оғұл түбірінің өзі кең мағыналы болған. Ибн-Муханна сөздігінде «бала, тұқым». М.Қашғари сөздігінде: *quz ogul*, *quz oğlan* [5, 417 б] – мұндағы оғыл, оғлан –

тұқым, бала мағынасында. Оғлақ => (ы)лақ. Қазіргі түрік, түркімен, азербайжан – (оғлақ), өзбек, қазақ, қырғыз, қарақалпақ – ылақ.

Сонымен, тірі жан-жануардың бәріне ортақ «бала, тұқым» деген бастапқы кең мағынада қолданылған оғұл, оғлан, оғлақ сөздерінің мағынасы кейіннен тарыла бастады да, нақтылана берді. Қазіргі кезде туыстық термині ретінде тұрақталды. А.Н.Кононовтың пікірінше: *ogul* сөзі (ұл) екі элементтен тұрады: *oğ* (< *oğ* 'шеше' // *ok* «тек, ру, тайпа» + кішірейту жұрнағы – *ul* (мыс. *Сің – іл*). Осылайша, *оғул* («кіші шеше» > *тұқым* > *ұл* [9, 175-176].

Аға – жасы өзінен үлкен ер адам. Көне түркі ескерткіштер тілінде *ақа*, *еңі* – үлкен аға: *külüg tutuq eçim* – менің үлкен ағам танымал тутук. *Ögüm qañim eçim teginğä sevär meni aqlayur ertı* – менің әке-шешем менің үлкен ағам, ханзаданы жақсы көріп, мені жек көрді [4, 34]. Және *qañındaş* туған аға мағынасын береді. М.Қашқари сөздігінде уяа-туысқан аға, ижи – үлкен аға деп келеді [5, 117]. Орхон-Енисей жазбаларында ақа (ақаным-менің ағам) [4, 34]. Хакас сөздігінде үлкен «аға» – «абаа» [8,13], Чуваш сөздігінде әкенің үлкен ағасы *ёмпичче*. Ноғай тілінде аға, диалектісінде ака, тува тілінен аккый, акай [7, 64]. Э.В.Севортян өз сөздігінде бұл терминнің бірнеше мағынасын көрсетеді. Аға – 1. аға туркмен, түрік, қрым татарлары, қарайым, құман, қырғыз, қазақ, ноғай, қарақалпақ, тат., уз.; әкенің ағасы, әкеден үлкен, әкемнің әкесінің ағасы, әкемнен кіші – кызыл (хакас диалектісі); туған немесе немере (двоюродный) аға – гаг.; әкемнің әкесінің ағасының баласы, жасы менен үлкен – (ауам) – кызыл (хакас диалектісі); еркектер жағынан үлкен туысқан – турк.; бір ұрпақтың үлкен туысы – гаг.; жасы үлкен адам – кар.(уйғыр диалектісі), каз. 2. аға (дядя) – туркмен, татар; жасы үлкен кісіге(еркек) қаратылып айтылған сөз – құман. 3. аға (әкені құрметпен айту) – азербайжан, гагауз, қарашай-балқар; жасы үлкен кісіні құрметпен атау – түркімен, қарашай-балқар, қарақалпақ, өзбек; әдетте жас жігіттерге құрмет білдіргенде – түрік, қырым татарлары, татар, өзбек диалектілерінде, 4. үстем тап өкілі, бай – азербайжан, ноғай. Акка – чуваш диал. «әпке» [6, 69].

Іні [ini]. «Іні - бір туған ер адамдардың жас жағынан ең кішісі». Қырғыз тілінде уке. Көне түркіде: *іні* «жасы кіші туыс». Қазақ, қарақалпақ, ноғай, қырғыз, түрікмен, өзбек тілдерінде «іні» мағынасында. Алтай тілінде: *инин*. Қазақ тіліндегі «туысқандар» мағынасындағы ағайын сөзі (<аға+ини) екі сөздің кірігуінен пайда болған. Көне түркі сөздігінде [12, 210 б.] *ini*. Э.В.Севортян сөздігінде сары ұйғырларда *ене/ыны/ини* күйінде алмасып отырады делінген [6, 362]. С.Е. Малов сөздігінде туыстардың кішісі болса, ұйғырларда және өзбектерде жасы кішіні атау. Г.Рамстед бойынша да бұл сөз шақыру ретінде берілген. Қазақ тілінде де бір-біріне туыс болып келмейтін ер адамдар бір бірін *аға, іні* деп атай береді. Будагов сөздігінде жиен мағынасында берілсе, түрік тіліндегі диалектілерде *сіңлі* мағынасында қолданылады. Бұл сөздің көптеген тілдерде *іні* мағынасында келетіндіктен, *ини/ени/ине* сөздерінің *ин/ен* (туу) түбірлерінен пайда болды дей аламыз.

Жеңге. «жеңге - жасы үлкен ағаның, туыстардың әйелі, жұбайы».

Көне түркі сөздігінде *jeñgä* – жеңге: *oyluñ kisiñ ülüglüg ol ekän jeñglän sevinclik ol* – балаларың мен әйелдерің бақытты, әпкелерің мен келіндерің қуанышты [12, 256]. М.Қашқари сөздігінде ағаның әйелі деп йаңка сөзі беріледі [5]. Ал В.Г.Егоровтың сөздігінде бұл терминнің бірнеше түркі тілдерінде бар екенін көрсетеді. Чуваш тілінде ағаның әйелі, жасы үлкен әйелді құрметпен атау *инке*, шағатай, түрік тілдерінде *йенге*, өзбектерде *янга*, башқұрттарда *енгә*, ал азербайжан тілінде *еңкә* сөзінің тек бір ғана мағынасы бар: «қалыңдықты күйеудің үйіне апаратын әйел», ал туыстық термин ретінде қолданылмайды. Бастапқы ж вариантымен: каз. *жеңге*, қ.-қалп. *женгте*. Бастапқы ж вариантымен: қырғ. *жеңе*, тат. *жиңгә*. Бастапқы ч варианты тува тіліне *тән – ченге*, бастапқы дь алтай тілінде – *дьенге*, бастапқы с якут тілінде – *саңас*, хакас тілінде *метатеза* құбылысы бар: *ниге*. Жеңге терминінің семантикасында үш негізгі бағыт байқалады [7, 69].

Жеңге сөзі бірқатар түркі тілдерінде тек туысқанға емес, құрметтеу мәнінде жалпы жасы үлкен әйелдерге қарата айтылады. Мысалы алт. *дьенге* 1) «үлкен ағаның әйелі немесе

экенің ағасының әйелі’, ‘келін’, 2) ‘жасы үлкен әйелдерге құрметтеп қарата айтылатын сөз’. Қаз., қырғ., тат. және башқ. тілдерінде бұл сөз қаратпа мәнінде атауыш тұлғасында айтылады: қаз. жеңгей (негізгі тұлғасы жеңге), қырғ. жеңей (негізгі тұлғасы жеңе), тат. жиңги (негізгі тұлға жиңгә), башқ. еңгәй (негізгі тұлға еңгә). Қаратпа сөз ретінде йеңге сөзі еркелету тұлғасында да қолданады: қаз. жеңеше, қырғ. жеңгетай, тат. жиңгәчәй ‘жасы үлкен әйелге қарата айтылатын сыйластық сөз’. Бұл сөздің қырғыз тіліндегі сыйластық тұлғасынан -лық жұрнағының көмегі арқылы өзіндік мағынадағы зат есім жасалған: «*çeñgetajlyk* (ескі сөз) қалыңдықпен құпия кездесуіне көмектесетін қалыңдықтың үлкен туысқанына күйеу жігіттің беретін сыйлығы». Якут тілінде санас сөзі ‘әке жақтан үлкен туысқанның әйелі’ деген негізгі мағынасынан басқа ‘кішіге қатысты екі әйелдің үлкені’, басқа түркі тілдерінің көпшілігінде арнайы терминдермен берілген: қырғ. байбиче ‘үлкен әйел’, токол (ескі) ‘екінші әйел’; қырғ. күнү, түркім. гүни, башқ. көндәш, өзб. кундош ‘бір күйеудің екі әйелі бір-бірін айтуы’ және т.б. [1]

Нағашы. Әдеби тілдегі нағашы сөзі еліміздің бірқатар өлкелерінде таға тұлғасында қолданылады. Таға *айм. Нағашы*(Қ.-орда: Жал., Сыр., Шиелі; Жамб.: Жам.; Шымк.: Сар.). Мысал диалектологиялық сөздіктен келтіріледі: Адамның бір жұрты тағасы ғой (Қ.-орда: Жал.). Бірақ, сөздің толық түсіндірмесі міндетті түрде әдеби нұсқада, яғни нағашы сөзінде беріледі. Қазақ тілінде шеше жағынан туысқан адамдар – нағашы деп аталады. Бұл сөзге Ә.Қайдардың берген анықтамасы: Нағашы < бір әке, бір шешеден не әкенің басқа әйелдерінен (бәйбіше, тоқалдан) туған ұл әулетіне жататын балалардың (ұл-қыздардың) қыз әулетінен таралған балаларға (ұл-қыздарға) деген туыстық қатынасының жалпылама атауы. [10, 325 б.]

Қазақ тілінде диалектілік қолданымдағы таға сөзіне қатысты әдебиетте бастапқы тұлға ретінде тай/дайы варианттары алынып жүр. Бұл варианттар қазақ, башқұрт, татар, чуваш тілдерінен басқа түркі тілдерінің бәрінде бар. Жалпы мағынасы: «шеше жақтағы туыстар». Алт. таай, қырғ. тай, тува. даай, хак. Тай [5]. Оңтүстік-батыс тілдерде: азерб. дайы, түркм. дайы, Қарақалпақ: дайы. Қыпшақ тілдеріне тән емес. Қырғ. таға, өзб. тоға, ұйғ. тақа – «шеше жақтағы жасы үлкен аға». Қырғыз тілінде таға да, тай да бар. Тай – жалпы мағынада. Егер таға //тағай сөзін тай//дайы терминінің ең ертедегі варианты деп санасақ, ғ-ның түсіп қалуы, дауыстылардың ұласуы болуы керек. Ондай жағдайда а дауыстысы аға//уға>а созылық болу керек. Мұның ізін алт. таай, тува даай, якут. таай мысалдарынан көреміз.

Жиен - көне түркі ескерткіштерінде әйел тегіне тән туыстық термин ретінде беріледі. Ә.Қайдар сөздігінде [10] *жиен* - ер-азаматтың өз қызынан, бір туған әпке-қарындастарынан, сондай-ақ, туыстығы жақын басқа да әйел адамдардан дүниеге келген ұл-қыздардың шеше төркініндегі аға-інілеріне, апа-қарындастарына, басқа да жақын-жуықтарына деген туыстық қатынасы. Термин бірнеше фонетикалық вариантта көрініс тапқан. Ол қазіргі көптеген түркі тілдерінде де бар. Бұл терминнің көне ескерткіштердегі фонетикалық варианттарының дауысты дыбыстарында ғана айырмашылық бар: *jägin, jägän, jigün*. Көне түрік сөздігінде *jegän* – жиен: *birlä qavismis qağadas jegän tağaj adas* ағасы, жиені, үлкен ағасы және досы бірігіпті. Орхон-Енисей жазбаларында *йегін*, С.Е.Малов сөзд. *jägin*. Қазіргі түркі тілдеріндегі бұл терминнің варианттары үшін, керісінше, бастапқы дауыссыздың ауысуы мен г дауыссызының интервокалды позицияға түсу құбылысы тән: алтай *дьеен*, *jeen*, башқ. *ейен*, қазақ пен қарақалпақ. *жиен*, қырғыз *жеен*, тува *чээн/neeni*, түрік *уеген*, *kardeş oğlu* түркім. *еген*, өзб. *жиян*, хак. *чеен*, шор *чәян*, якут *сиэн*. Яғни, қазақ, қарақалпақ және өзбек тілдеріндегі нұсқасында бастапқы дыбыс ж-мен берілсе, қырғыз – ж, дж, алтай – дь, тува, хакас және шор тілдерінде – ч, якут – с, башқұрт, түрік, түркіменде – й. Көне ескерткіштерде: *jigun* ‘туыстық атаулары’. Қазіргі түркі тілдерінде йеген термині әйел жақтан «жиен» немесе «немере» деген ұғымды білдіреді, яғни қыздан тарайтын бала мен оның ұрпақтары. Якут тілінде, бұған қоса, *сиэн* «туысқан немере әпке» дегенді де білдіреді. Кейбір тілдерде йеген терминінің көрсетілген мағыналары тарылған. Яғни қарақалпақ, тува, түрік, түркімен, өзбек, хакас тілдерінде тек қана «немере туыс, жиен» дегенді білдіреді. Бір қызығы, уақыт өте келе туыстық жүйедегі өзгерістерге байланысты тек әйел жақтан болатын туыстықты білдіретін

йеген термині, шамасы, өз мағынасынан айырылады, мәселен, қазіргі қарақалпақ тілінде, жиен тек әпке, сіңлілердің баласын ғана емес, сонымен қатар аға, інілердің де балаларын атайды: жиен - аға, ині, апа, синглининг баласы [11, 506]. Салыстырыңыз: ұйғырша «джіе» 'ағаның немесе әпкенің жиені, немере туысқаны. Башқұрт тілінде «ейен» – 'немере туыс, жиен' дегенді емес, тек қана 'немере'; бұл терминмен жалпы барлық немере аталады.

Туыстық атаулар - түркі халықтарының лексикасында этникалық қалыптасу жолындағы алғаш пайда болған тілдік бірліктер. Қазақ тіліндегі жиі қолданыста болатын *ана, әке, ұл, аға, іні, жеңге, нағашы, жиен* туыстық атауларының басқа түркі халықтарының басым көпшілігінде көрініс табады. Бұл түркі халықтары өз туыстық атауларын барынша сақтап қалғандығын көрсетеді. Ал олардың кейбір семантико-фонетикалық өзгерістерге түсуі (әке-ада-отта; нағашы-таға-таай) түркі халықтарының бір-бірінен бөлініп, әр-түрлі тарихи оқиғаларды басынан кешіруімен (басқа халықтармен түрлі байланысқа түсуімен), географиялық орналасуымен тығыз байланысты. Жалпы, түркі халықтары өз туыстық терминдерін сақтап қалғандығын байқауға болады

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Төлеубаева К.М. Қазақтар мен Орталық Азия халықтарындағы отбасылық туыстық қарым-қатынастар (XIX ғ. соңы мен XX ғ. басы) - http://www.rusnauka.com/13_EISN_2012/Istoria/2_108213.doc.htm
2. Артықбаев Ж. О., Сабданбекова Ә. Ә., Елемесов Ә. Қ., Дауенов Е. Н. Дәстүрлі қазақ этнографиясы: оқу-әдістемелік құралы. – Павлодар: Кереку, 2008. – Б. 2. –260 б.
3. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Т. I-IV. СПб., 1888 – 1911, С. 368
4. Айдаров Ғ., Күлтегін ескерткіші.Зерттеунама.-Алматы: «Ана тілі», 1996.-232 б.
5. Кашгари М. Диван лугатит – турк. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1292 с.
6. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва: Издательство «Наука», 1974.- 754 с.
7. Егоров В.Г. Этимологический словарь чувашского языка.-Чувашское книжное издательство.- Чебоксары, 1964.-357 с.
8. Баскаков Н.А., Инкижекова-Грекул А.И. Хакасско-русский словарь.- Государственное издательство иностранных и национальных словарей. Москва, 1953.-352 с.
9. Кононов А.Н. К этимологии слова огул 'сын' // Филология и история монгольских народов в памяти акад. Б.Я. Владимирцова. - М.,1995. – С.178
10. *Қайдар* Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Этнолингвистикалық сөздік. 1-том. Адам. Алматы, 2009.
11. Баскаков Н.А. Каракалпакско-русский словарь – М.: Наука, 1958. - С 506.
12. Древнетюркский словарь. –Ленинград: «Наука», 1969. – 676 с.
13. <http://cheloveknauka.com/terminy-rodstva-i-svoystva-v-kumyyskom-i-turetskom-yazykah#ixzz3Sq1UmC3N>

ӨОЖ 325.111:314.7

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МИГРАЦИЯНЫҢ ӘЛЕМДІК ҚАУЫМДАСТЫҚТАҒЫ РӨЛІ

Арыкбаев Ануар Назымбекович

Anick_aan@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультетінің 6М020900 – «Шығыстану» мамандығының I курс магистранты
Ғылыми жетекші – Абжаппарова Бибіхадиша Жүрсінқызы

Қазіргі таңда әлемде орын алып жатқан халық миграциясы процесі экономика мен саясат, демографиялық процестер мен ұлттық қатынастар, идеология мен дін сияқты қоғам өмірінің барлық жақтарына әсер ететін, көпжақты құбылыс болып табылады. Өткен